		бірден допты жіптің астынан алып өтеді де, «доп жоғарыда» деген бұйрық берілісімен жіптің үстінен лақтырады. Әрі қарай ойынды ойыншылардың келесісі жалғастырады. Ешқандай қате жібермеген команда ұтып шығады. **(математика негіздері)** **Дидактикалық ойын: «Қоян»** **Міндеті:** Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануБарысы: Балалар тірі заттардың эскиздік бейнесін үйренеді. Әр түрлі көлемдегі және ұзартылған картоннан кесілген сопақшалар қажет. Ойыншыларға артқы аяқтарында тұрған қоянның қол жетімді бөліктерінен құрауды	қолдануМатериал: жылы және суық түстердің түрлі-түсті шеңберлері, құрт басының бейнесі. Ойын барысы: балаларға ұсынылған шеңберлерден суық түсті (жылы) құртты немесе жеңіл тұмсығы мен қара құйрығы бар құртты (қара тұмсық пен жеңіл құйрық) құрастыру ұсынылады **(сурет салу)**			

		ұсыну. Балаларға басқа жануарларды орналастыруға тырысу. **(сурет салу)**				
2-ші таңғы ас	**10.10-10.20**	Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуенге дайындық	**10.20-10.30**	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) **«Біз киініп үйренеміз» әңгіме** **Мақсаты:** балалардың тез, өз бетінше және белгілі бір ретпен серуендеу дағдыларын жетілдіру; заттарын шкафта дұрыс орналастыруға үйрету. **«Дұрыс-бұрыс» ойыны** Шарты: бірінші кезекте шалбар емес, бас киім кисе не болады? Ал егер алдымен етік, содан кейін шалбар кисе ше? Ал егер жемпір шалбарға салынбаса ше? Ауырып қалмас үшін дұрыс ретпен киіну керек! **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**				
Серуен	**10.30-12.00**	**Бақылау: Жылғалардан аққан суды бақылау.** **Мақсаты:**Балаларды табиғаттың ерекшеліктерімен таныстыру, жылғалар туралы түсініктерін кеңейту. **Сұрақ-жауаптар:** 1.Қар ери бастағанда не пайда болады? 2.Су нені суарады? **(қоршаған ортамен таныстыру)** **Көркем сөз:** Ой,балалар,балалар, Жылы-жылы жел соқты. Жылғалардан су ақты. **(Сөйлеуді дамыту және**	**Бақылау: Көктемде алғаш шығатын гүлдерді бақылау.** **Мақсаты:**Баларға көктемнің алғашқы гүлдері туралы айту, қар астынан шыққан гүлдер туралы түсінік беру,сөздік қорын кеңейту. **Сұрақ-жауап:** 1.Көктемде шығатын алғашқы гүл қалай аталады? -Бәйшешек. 2.Гүлдердің түрі қандай болады? -Әр түрлі:әдемі,қызыл,сары.	**Бақылау: Аспанда ұшып жүрген құстарды бақылау.** **Мақсаты:** Күн жылынған кезде ұшып келетін құстар туралы білімдерін тиянақтау. Құстарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **Көркем сөз.** Келіп көктем құстары, Бау-бақшада ән салды. Оларды жас достары, Ұя жасап қарсы алды. **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **Еңбек**: Алаңда шашылып жатқан бұталарды жинау. **Мақсаты**: балаларды еңбексүйгіштікке		

		көркем әдебиет) **Еңбек**: құстарға жем шашу. Мақсаты: балаларды еңбексүйгіштікке, құстарға қамқор бола білуге тәрбиелеу. **(Еңбек қызметі)** **Қ/қ ойыны: К-№8 «Аңшылар» (дене шынықтыру**)** **Жеке жұмыс:** көктем мезгілі туралы тақпақтарды қайталау. **Өзіндік іс-әрекеттері:** қалаған ойындарын ойнау.	3.Гүлдерге қандай қамқорлық жасаймыз? -Баптаймыз, жұлмаймыз, қамқорлақ көрсетеміз. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **Көркем сөз:** Балалар-ау,балалар! Шақырады далалар. Көктем келді гүл ашып. Құстар келді жыр алып. (**Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **Еңбек**: алаңда шашылып жатқан тастар мен бұталарды жинау. Мақсаты: балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. (Еңбек қызметі) **Қ/қ ойыны: К-№9 «Қоян» (дене шынықтыру**)** **Жеке жұмыс:** түстерді қайталау. **Өзіндік іс-әрекеттері:** қалаған ойындарын ойнау	тәрбиелеу.**(Еңбек қызметі)** **Қ/қ ойыны: № 5 «Жапалақтар» (дене шынықтыру**)** **Жеке жұмыс: Жаңылтпаш айтып үйренейік.** Көп көкек, көкектеп, Көктем келді, Көкек кеп. **Өзіндік іс-әрекеті:** балалар қалауы бойынша іс-әрекеттер.		
Серуеннен оралу	**12.00-12.10**	**Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау** Киімді белгілі бір тәртіппен шешу және кию дағдыларын үйрету: - Түймелерді ретумен ағытамыз. - Көйлек, шалбарды шешіп, айырбастап іліп қоямыз. - Көйлекті, шалбарға, шортик, футболкамызды бүктеп салып қоямыз. - Аяқ киімді шешіп шкафқа саламыз, екінші аяқ киімді киеміз. - Колготкаларды шешіп, көйлекке қосып іліп қоямыз. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет).**				
Түскі ас	**12.10-12.50**	**Гигиеналық шаралар:**Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану:				

		«Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз. Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. **Кезекшілердің жұмысы**: (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Нан қоқымын шашпаймыз, Жерде жатса баспаймыз. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаймыз. (нанды үгітпей, ойнамай жеу, **сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет**)
Күндізгі ұйқы	**12.50-15.10**	**Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.** Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды, өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Ұйқы кезінде бала басына көрпені жауып, мұрнын жастыққа көміп тастамауын, жастықта баланың денесі емес, тек басы жатуын қадағалау. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** Ертегі оқып беру. «Үш аю» **(сөйлеуді дамыту және көркем әебиет)** **Әлди** **Мақсаты:** бала ағзасының физиологиялық тепе-теңдігін қалпына келтіру. Әлди, әлди, ақ бөпем, Ақ бесікке жат бөпем. Жылама, бөпем, жылама, Жілік шағып берейін, Байқұтанның құйрығын Жіпке тағып берейін. **(сөйлеуді дамыту және көркем әрекет)** **Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. «Әлди, әлди» Ж.Байырбекова (Музыка****)**
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**15.10-1.40**	**Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** 1.Өзімізді уқалау. Күзде күн суыды , молдас құрып отырып алақанымызды уқалап жылытамыз, жылы алақанымызбен бетімізді жуамыз (3-4рет) 2.Майтабанның алдын алу. (2 минут) Арнай жолдармен жүру, дымқыл жолмен жүру. Орындыққа отырып екі аяғымызды алдыға созып башпайларымызды бүгу, босату 4-5 р Орындыққа отырып екі аяғымызды алдыға созып өзімізге қарай тарту (4-5 рет)

		Орындыққа отырып екі аяғымызды жерге қойып башпайымызды жоғары көтеру, өкшеміз еденде (4-5 рет) **Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету** Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүртеді қолыңды, Сүртеді жоныңды. **(дене шынықтыру**).**				
Бесін ас	**15.40-16.00**	**Гигиеналық дағдылар** **Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.** **Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.** Ас ішкенде күнде біз. Сөйлемейміз, күлмейміз. Астан басқа өзгені. Елемейміз, білмейміз. Балалар алғыс айтып тамақтануға кіріседі. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (Вариативті, жеке, қосымша бағдарлама)	**16.00-16.20**	**Сюжетті-рөлді ойын: «Дәріхана»** **Мақсаты**: Балаларда фармацевт мамандығына деген қызығушылық туғызу. **Ойын барысы:** Жүргізуші дәріханаға дәрі-дәрмектер алып келеді. Дәріхана қызметкерлері оны сөрелерге қояды. Адамдар дәрі-дәрмектер алу үшін дәріханаға келеді. Шарты: Балаларға дәрі дәрмекпен дәрумендер көмегін қажет екекнің түсіндіріп,қоғамда болып жатқан күнделікті жағдайды жақсы жағынан	**«Экологиялық соқпақ»» вариативтік бағдарлама** (қоршаған ортамен таныстыру) **"Құра көрпеше"** **Міндеті:** Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. **(жапсыру)**	**«Мамандық-құрылысшы» ойын сабағы** **Мақсаты:** балаларға құрылысшы мамандығы туралы түсінік беру. **Міндеттері:** Әр түрлі құрылыс материалдарымен таныстыруды жалғастыру; көмек көрсетуге және мұқтаж адамдарға назар аударуға деген ұмтылысты тәрбиелеу; балалардың білімін байыту (бетонмен, оның қасиеттері мен қасиеттерімен, оны жасау тәсілімен танысу); құрылыс кәсіптері туралы білімді жалпылау; құрылысшы мамандығының маңыздылығын көрсету, еңбек адамына құрметпен қарауға тәрбиелеу. **(Қоршаған ортамен таныстыру**		

		түсіндіру. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**				
Балалармен жеке жұмыс	**16.20-16.30**	М.Адияға қайшыны дұрыс ұстауды үйрету. Пішіндердің арасынан төртбұрышты тауып қиғызу. **(жапсыру)**	Асанали мен Аялаға қолғап мүсіндету. **(мүсіндеу)**	Асанали мен Аялаға қолғапты мүсіндету. **(мүсіндеу)**		
Серуенге дайындық	**16.30-16.40**	**Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау** **«Киімді қалай киюге болады?» әңгіме** Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек. ***(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)***				
Серуен	**16.40-17.20**	**Күннің екінші жартысында терезеден желді бақылау** **Мақсаты**: желдің соғу бағытын бақылау. Аңғарымпаздыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** **Қимылды ойын: “Кептерді қуып жет”** **Мақсаты**: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу,	**Терезеден адамдардың қысқы қалың киімдерін бақылау.** **Мақсаты:** Адамдардың қысқы қалың киімдерін атай білуге үйрету. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** **Қимылды ойын: «Құстар мен мысық»** **Мақсаты**: Балалардың денсаулыққа, ойынға деге құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға дег қызығушылықтарын,	**Терезеден адамдардың қысқы қалың киімдерін бақылау.** **Мақсаты:** Адамдардың қысқы қалың киімдерін атай білуге үйрету. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** **Қимылды ойын: «Құстар мен мысық»** **Мақсаты**: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты өмір салты		**)**

		ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды ұжымда ойнай алуға тәрбиелеу. **Ойынның шарты:** Ойынды 15-20 бала ойнайды. Жерге шеңбер сызылады. Ортаға тәрбиеші таңдаған бала-мысық тұрады, ал қалған балалар шеңберді айнала кептерлер болып тұрады, мысық ұйықтайды. Кептерлер шеңберді айналып жүріп, дәндерді шоқиды, мысық оянып кептерлерді қуады. Қай кептерді ұстап алса, сол бала айыппұл ретінде өлең –тақпақ айтады. **(дене шынықтыру**)**	белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. **Ойын шарты:** Балалар құстар болып ұшып жүред Бір бала мысық болады. Мысық ұйықтап жатады. Құстар мысықтың жанына келеді. Мысық оянып құстарды қуады. **(дене шынықтыру**)**	тәрбиелеу. **Ойын шарты:** Балалар құстар болып ұшып жүреді. Бір бала мысық болады. Мысық ұйықтап жатады. Құстар мысықтың жаны келеді. Мысық оянып құстарды қуады. **(дене шынықтыру**)**		
Серуеннен оралу	**17.20-17.30**	**Балалардың киімін ретімен шешу, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, дербес және ойын әрекеті**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**17.30-17.50**	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)** Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка****)** Өнер бұрышында аңдардың бояу суреттерін бояту, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)** Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Еркін рөлдік ойындар.**				
Балалардың үйіне қайтуы	**7.50-18.00**	**Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарын жауап беру, кеңес беру.** Балалардың тазалығы жайлы әңгімелесу				

Тәрбиеші : Етенбаева Света Айладировна
Өмірзақ Гүлжанат Сапаржанқызы

Тексерілді: Жет

Әдіскер : Жетмекова

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2023-2024 оқу жылы

Білім беру ұйымы: №43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК
Тобы: «Балбөбек» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 25.03-29.03.2024 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	Уақыты	Дүйсенбі 25.03.2024	Сейсенбі 26.03.2024	Сәрсенбі 27.03.2024	Бейсенбі 28.03.2024	Жұма 29.03.2024
Балаларды қабылдау Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	07.30-08.00	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу. Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет). **«Сен не киіп келдің?»** **Мақсаты:** Киім атауларын дұрыс айтады. Сөйлем құрастырады. Сөз ішінде қазақ тілінде тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтығады. **(қазақ тілі***)**				
	Перспективалық жоспарда қойылған міндеттерді іске асыру					

Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент, кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету, тағы басқа іс-әрекеттер)	08.00-08.10	**Табиғи материалдан құрылыс** **«Құрақ көрпе»** **(танграмм)** **Міндеті:** Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. **(құрастыру)** **«Ұшақ»** **Міндеті:** алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға біріктіру білігін жетілдіру. **(Мүсіндеу)**	**Қағаздан құрастыру** **«Вагондар»** **Міндеті:** Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. **(құрастыру)** **«Тасбақа»** **Міндеті:** ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; . **(Мүсіндеу)**	**Құрылыс материалынан** **«Екі қабатты үй»** **Міндеті:** Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. **(құрастыру)** **«Үлкен және кішкентай құстар»** **Міндеті:** ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. **(Мүсіндеу)**	**Қалдық материалдан** **«Қоңыз, ара»** **Міндеті:** Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. **(құрастыру)** **«Көлік»** **Міндеті:** ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; **(Мүсіндеу)**	**Табиғи материалдан** **«Кірпі»** **Міндеті:** Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. **(құрастыру)** **«Мысық пен торғай»** **Міндеті:** ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. **(Мүсіндеу)**
Таңертенгі жаттығу	08.10-08.20	**ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ (затпен орындалады)** **Мақсаты:** баланың организмін «ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, денен белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету. 1. «Жоғары». Б.қ.: қолды арт жаққа таяп, орындықта отыру. Қолды екі жақпен жоғары көтеру, жоғарыға қарау. Б.қ.: «төмен», – деу. (6 рет қайталау). 2. «Қара». Б.қ.: Осылайша қолды белге қою. Оңға бұрылу, артқа – б.қ.Осылайша екінші жаққа орындау. (3 рет қайталау.)				

		3. «Отыр және тұр». Б.қ.: Осылайша қолды артқа қою. Тік тұрып, жоғары қарау – б.қ.Аяқты қозғалтпай. (6 рет қайталау.) 4. «Абай бол». Б.қ.: қолды төмен түсіріп, орындыққа таяу тұру: орындықтың үстіне шығып тұру, орнықты орындықтан түсу. (6 рет қайталау). 5. «Секіру, жүру». Б.қ.: алдыңғы жаттығудағыдай. Екі аяғымен орындық бойына секіру (3-4 м). Бір орында тұрып жүру. (4 рет қайталау). (**Дене шынықтыру****)				
Таңғы ас	08.20-08.55	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Су, су менің бетімді жу. **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	**Гигиеналық шаралар** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Су, су менің бетімді жу. **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Дымқылдап күнде сен, Қолыңды сүйкесең. Кетіп кір-ыласың, Тап-таза боласың. **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Су, су менің бетімді жу. **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	08.55-09.05	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**				
		Саусақ жаттығуы: **«Ағаш»** Аулада ағаш жайқалады, Жап-жасыл оның жапырағы. **(сөйлеуді дамыту және**	**Саусақ жаттығуы:** **«Саусақ санау»** Балаға қарама-қарсы отырып, тәрбиеші көрсетіп отырады, қолдарды құлыпқа ұқсатып	**Саусақ жаттығуы** **«Саусақтар жүреді»** Саусақтар жүреді. Екі саусақпен 5-ке дейін тура және кері санап, алға-артқа жүреді. **(сөйлеуді дамыту және**	**Саусақ жаттығуы:** **«Менің отбасым»** Бас бармақ – ата Сұқ саусақ – әже Ортан терек – әке Шылдыр шүмек – ана Кішкене бөбек – мен	**Саусақ жаттығуы:** **«Гүл»** Балалар қолдарын көтеріп саусақтарын біріктіріп, жабылып тұрған гүлдердің бүршіктерін келтіреді. Жайлап саусақтарын

		көркем әдебиет)*)*	түйеді. Саусақтарын кезек-кезек создыра көрсетіп, Кел, санайық санамақ, саусақтарға қарап ап. Басбармақ, Балан үйрек, Ортантерек, Шылдыршүмек, Кішкенебөбек. Бала қозғалыстарды қайталайды. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	**көркем әдебиет)**	**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	ашып, алақандарын жайы «гүлдің ашылғанын» көрсету. Төмендегі тақпақты қайталау. Міне, гүлдің бүршіктері, Ашылады әдемі. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдасты-рылған іс-әрекет	09.05-10.10	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу; Жүзу және гидроаэробика элементтері. Суға түсу, жүгіру, ойнау, суда билеу. Жүзуді үйрету (тиісті жағдайлар болған кезде). Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең	**Қазақ тілі** «Күн жылынды» **Міндеті:** ауа райына қатысты сөздердің мағынасын атауларын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Педагогтің өтініші бойынша қарапайым іс-әрекеттерді орындау. **Сөздік минимум:** ауа райы, жылынды, қар еріді	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу; Жүзу және гидроаэробика элементтері. Суға түсу, жүгіру, ойнау, суда билеу. Жүзуді үйрету (тиісті жағдайлар болған кезде). Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау	**Музыка** **Міндеті: Музыка тыңдау.** Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. **Ән айту.** Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). **Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Музыкамен	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу; Жүзу және гидроаэробика элементтері. Суға түсу, жүгіру, ойнау, суда билеу. Жүзуді үйрету (тиісті жағдайлар болған кезде). Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.

		және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмытылсын қолдау: белгілі реттілікпен		қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды	жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.	Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары

		киінуге және шешінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өзбетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.		толтырып сөйлемеу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмытылсын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге ұқыптылыққа, киімінде олқылықтарды байқауғ оларды ересектің көмегімен немесе өзбетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.		Өзіне-өзі қызмет көрсету деген ұмытылсын қолдау белгілі реттілікпен киіну және шешінуге, ұқыптылыққа, киіміндег олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өзбетінше реттеуге, ас іш құралдарын орнымен қолдануға баулу.

		"Су көлігі" **Міндеті:** тәрбиеленушілердің су көлігі туралы түсініктерін кеңейту. Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. -Бүгін мен жұмысқа келе жатып өзеннің жанынан бөтелке тауып алдым. Ал онда бір нәрсе бар. Ескерту сияқты. (Алып және оқу). Онда Дымбілместің адам тұрмайтын аралға түсіп, көмек сұрағаны туралы айтылады. -Дымбілмеске қалай көмектесуге болады? Адам тұрмайтын аралдан қалай шығуға болады? -қайық жасау арқылы. - қайықты неден жасауға болады? - ағаштан, қағаздан. - бұл көлікті бір сөзбен қалай атаймыз: қайық, кеме және т. б.? - дұрыс, су көліктері. Сендер қандай су көліктерін білесіңдер? - Балалар, оны неге сукөлігі деп атайды?	**В. Сутеева «Кеме»** **ертегісі** **Міндеті:** Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру**.** **https://youtu.be/6WfxJmoQdOQ** * Бір күні серуендеуге нелер барды? * Бақалар өзенге келгенде не ұсынды? * Бақа балапан, тышқан, құмырсқа және қоңыздың жүзе алмайтынын естігенде не деді? * Мұндай сөздер кішкентайларға ұнады ма? Олар не істеуді ойлады? * Тауық, тышқан, құмырсқа және қоңыз қайықты қалай жасағанын айтыңдар. * Айтыңдаршы, сендерде бақа сияқты досың болғанын қалайсың ба? Неліктен? * Ал сендер достар жасаған қайықты сала аласыңдар ма?	**Жұмбақ шешу** **Міндеті:** Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануға үйрету. Үтікке міндім, Мұхитта жүздім. **(Кеме)** **С. Я. Маршак «Кеме»** (Тәрбиеші балаларға сурет салып өлең оқиды). Жүзеді, жүзеді кеме, Кеме алтын. Сыйлықтар алып келеді, Сыйлықтар бізден сіздерге. Палубада матростар Олар ысқырады, ұйықтайды, асығады. Палубада матростар – Он төрт тышқан. Жүзеді, қайық жүзеді Батысқа, шығысқа. Өрмекші арқан, Ал желкен-жапырақша.	**"Теңіз саяхаты"** **Міндеті:** белгілі геометриялық фигураларды табу қабілетін қалыптастыру, заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру. белсенділікке, тәуелсіздікке тәрбиелеу**.** - Балалар, біз қазір Каспий теңізі арқылы қызықты теңіз саяхатына шығамыз. Теңізге баратын көлік түрін таңдайық (қайық, кеме) - Бізге не сәйкес келеді? - Неге олар осылай шешті? (кеме үлкен, бәрі сәйкес келеді, бірге саяхаттау қызықты) . - Әрине, бәрі бірге жақсы, әсіресе саяхат кезінде бізде керемет оқиғалар болуы мүмкін. - Сіз жүзуге дайынсыз ба? - Енді мен сенің капитаныңмын. Теңізде жүзу (дыбыстық сигнал	**«Саяхат» ойыны** **Міндеті:** - Балалар, біз бүгін сіздермен бірге саяхатқа шығамыз. Сендер суда немен саяхаттағыларың келеді? - кеме, пароход, желкенді қайық, жолаушылар лайнері, яхта, қайық, метеор. - Ертіс өзенінің бойындағы "толқын" кемесімен саяхатқа шығайық. - Балалар! Біз кемеге барамыз, орын аламыз. Суда жүретін көлікті тағы атаңдар? (сүңгуір қайық, баржа, әскери кемелер, құрғақ жүк, әуе лайнері, танкер, бу); - Ол не үшін қажет? (адамдарды, жүктерді тасымалдау үшін) - Адамдар, кемеде қандай мамандықтар жұмыс істейді? (капитан, штурман, моторист, боцман, көк, руль, матростар, юнга, сүңгуірлер, радио операторы, сигнал

2-ші таңғы ас	**10.10-10.20**	Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуенге дайынды	10.20-10.30	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ мотористі дамыту) **«Біз киініп үйренеміз» әңгіме** **Мақсаты:** балалардың тез, өз бетінше және белгілі бір ретпен серуендеу дағдыларын жетілдіру; заттарын шкафта дұрыс орналастыруға үйрету. (көркем әдебиет) **«Дұрыс-бұрыс» ойыны** Шарты: бірінші кезекте шалбар емес, бас киім кисе не болады? Ал егер алдымен етік, содан кейін шалбар кисе ше? Ал егер жемпір шалбарға салынбаса ше? Ауырып қалмас үшін дұрыс ретпен киіну керек! **(қазақ тілі***)**				
Серуен	10.30-12.10	**Бақылау: Ағаштың бүршігін бақылау.** **Мақсаты:** көктем мезгілінің ерекшеліктерінің бірі ағаштың бүршігі туралы түсіндіру. Ағаштарды қалай күту керектігі жайында айту. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **Көркем сөз.** Бүршік жарды ағаштар, Көктем келіп далаға. Сәнін беріп ауланың, Ағаштар тұр бой түзеп. - Қазір қай мезгіл? - Көктемде қандай құбылыстарды байқадыңдар? - Ағаштарда қандай өзгеріс бар? **(Сөйлеуді дамыту және**	**Бақылау: Жаңа шығып жатқан ағаштың жапырағын бақылау.** **Мақсаты:** Көктем келіп көгеріп жатқан ағаштар туралы түсінік беру. Ағаштарды күтіп, баптауға тәрбиелеу. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **Көркем сөз.** Үйеңкі, терек, қарағай, Бойлай өсті күн сүйіп. Көшемізде жағалай, Жасыл шапан тұр киіп. **Сұрақ-жауап.** - Көктем мезгілінде ағаштар қалай өзгерді? Жапырақтан бұрын ағаштарда не пайда болады? **(Сөйлеуді дамыту және көркем**	**Бақылау: Жылғалардан аққан суды бақылау.** **Мақсаты:**Балаларды табиғаттың ерекшеліктерімен таныстыру,жылғалар туралы түсініктерін кеңейту. **Сұрақ-жауаптар:** 1.Қар ери бастағанда не пайда болады? 2.Су нені суарады? **(қоршаған ортамен таныстыру)** **Көркем сөз:** Ой,балалар,балалар, Жылы-жылы жел соқты. Жылғалардан су ақты. **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **Еңбек**: құстарға жем	**Бақылау: Көктемде алғаш шығатын гүлдерді бақылау.** **Мақсаты:**Баларға көктемнің алғашқы гүлдері туралы айту, қар астынан шыққан гүлдер туралы түсінік беру,сөздік қорын кеңейту. **Сұрақ-жауап:** 1.Көктемде шығатын алғашқы гүл қалай аталады? -Бәйшешек. 2.Гүлдердің түрі қандай болады? -Әр түрлі:әдемі,қызыл,сары. 3.Гүлдерге қандай қамқорлық жасаймыз? -Баптаймыз, жұлмаймыз, қамқорлық көрсетеміз.	**Бақылау: Бұлтты бақылау.** **Мақсаты:** Бұлттар неден пайда болатынын, олар туралы түсінік беру. **Сұрақ-жауаптар:** 1.Аспаннан не көріп тұрсыңдар? 2.Жел болғанда бұлттар не істейді?-Желмен көшеді. 3.Бұлттар қандай болады?-Ақ мақтадай ақ болады. 4.Бұлттар түнергенде не болады?-Жауын жауады. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **Көркем сөз:** Суырды көкте қылышын Нөсерлі қара төнді бұлт.

		көркем әдебиет) **Еңбек:** алаңдағы орындықтардың үстін дымқыл шүберекпен сүрту. Мақсаты: балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(Еңбек қызметі)** **Қ/қ ойыны: №-**6 «Күн мен жаңбыр» **(дене шынықтыру--)** **Жеке жұмыс**: «Р» дыбысын дұрыс айта білуге үйрету. **Өзіндік іс-әрекеті**: қалаған ойындарын ойнау.	**әдебиет)** **Еңбек**: құмға су құю, қопсыту. Мақсаты: балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(Еңбек қызметі)** **Қ/қ ойыны:** №-7 «Күн мен түн» **(дене шынықтыру**)** **Жеке жұмыс:** көктем мезгілі туралы әнді қайталау. **Өзіндік іс-әрекеттері:** қалаған ойындарын ойнау.	шашу. Мақсаты: балаларды еңбексүйгіштікке, құстарға қамқор бола білуге тәрбиелеу. **(Еңбек қызметі)** **Қ/қ ойыны: К-№8 «Аңшылар» (дене шынықтыру**)** **Жеке жұмыс:** көктем мезгілі туралы тақпақтарды қайталау. **Өзіндік іс-әрекеттері:** қалаған ойындарын ойнау.	**(қоршаған ортамен таныстыру)** **Көркем сөз:** Балалар-ау,балалар! Шақырады далалар. Көктем келді гүл ашып. Құстар келді жыр алып. **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **Еңбек**: алаңда шашылып жатқан тастар мен бұталарды жинау. Мақсаты: балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. (Еңбек қызметі) **Қ/қ ойыны: К-№9 «Қоян» (дене шынықтыру**)** **Жеке жұмыс:** түстерді қайталау. Өзіндік іс-әрекеттері: қалаған ойындарын ойнау	Асыға үйге енді жұрт, Ақырды жерге долы бұлт. **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **Еңбек**: аула сыпырушының еңбегін бақылау. Мақсаты: балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(Еңбек қызметі)** **Қ/қ ойыны: К-№ 10 «Пойыз» (дене шынықтыру**)** **Жеке жұмыс:** геометриялық пішіндерді қайталау. **Өзіндік іс-әрекеттері:** қалаған ойындарын ойнау.
Серуеннен оралу		**Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау** Киімді белгілі бір тәртіппен шешу және кию дағдыларын үйрету: - Түймелерді ретімен ағытамыз. - Киімдерді рет-ретімен шешіп орнына іліп қоямыз. - Аяқ киімді шешіп, екінші аяқ киімді киеміз. - Шалбарымызды шешіптопқа киетін киімдерімізді киеміз. Киімдерді бүктеп қоямыз.**(қазақ тілі***).**				
Түскі ас	12.10-12.50	**Гигиеналық шаралар:** Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қол дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану: «Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу» **Кезекшілердің жұмысы**: (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				

		«Тамақты шашпай ішіп үйренеміз» (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)				
Күндізгі ұйқы	12.50-15.10	**Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.** Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды, өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Ұйқы кезінде бала басына көрпені жауып, мұрнын жастыққа көміп тастамауын, жастықта баланы денесі емес, тек басы жатуын қадағалау. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** **Ертегі оқу. «Әнші қоян»** **Мақсаты:** Балаларға шын көңілден шаттық көңіл күй сыйлау.Балаларды ертегінің мазмұнын дұрыс түсініп, сұраққа жауап беруге үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің іс — әрекетін сезіну және одан әсер алу, қызығушылық әрекетін қабілеттерін ояту.Ертегілер арқылы балаларды адамгершілікке, мейірімділікке және адалдыққа тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау (Музыка****).**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	15.10-15.40	**Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** **Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету** Жуынып болғанда, Жүреді қолдарда.*(орамал)* **(дене шынықтыру**).**				
Бесін ас	15.40-16.00	**Гигиеналық дағдылар** **Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.** **Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.** Ас ішкенде күнде біз. Сөйлемейміз, күлмейміз. Астан басқа өзгені. Елемейміз, білмейміз. Балалар алғыс айтып тамақтануға кіріседі. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (Вариативтік, жеке, қосымша бағдарлама)	16.00-16.20	**Сюжетті рөлді ойын: «Шаштараз»** **Мақсаты:** Шаштараз мамандығы жайлы білімдерін кеңейту, Әйелдер залы, ерлер залы. Олардың	**«Экологиялық соқпақ» вариативтік бағдарлама** **Дидактикалық ойын: «Геометриялық фигуралардан**	**Сюжетті рөлді ойын:** «Дүкен » ойыншықтар **Мақсаты:** Мамандық-тар туралы білімдерін кеңейту, ойын барысында сатушы мамандығы жайлы	**Дидактикалық ойын:** «Үйдің терезесін жабайық»	**Сюжетті рөлді ойын:** «Дүкен. Киімдер бөлімі **Мақсаты:** Балаларға дүкенде жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбектері туралы

		айырмашылығын білу. Шашатарды қию, сәндеу. **Шарты:** «Анасы қызын шаштаразға апара жатыр» «Әкесі ұлын шаштаразға» «Қуыршақтарға арнап әдемі шаш үлгілерін жасаймыз» «Өзімізге арнап шаш үлгісін жасаймыз» Соны мен қатар балалар шаштаразшының жұмысын бағалайды. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** **Дидактикалық ойын: "Сиқырлы жануарлар"** **Міндеті:** аппликацияға деген қызығушылықты арттыру. Материал: Жануарлар карталары, геометриялық фигуралар (кішкентай пішін). Ойын барысы: балаларға кез-келген жануардың суретін таңдап, оны геометриялық фигуралармен безендіру ұсынылады. **(Жапсыру)**	**жануарларды жина»** **Міндеті:** жапсыруда бейнеленген заттардың санын (құстар, жануарлар, гүлдер, жәндіктер, үйлер, нақты және елестетілген) дайын формалардан кеңейтуді жалғастыру. Материал: геометриялық фигуралар, жануарлар карталары. Ойын барысы: балаларға кез-келген жануардың картасын таңдап, геометриялық фигуралардың көмегімен жануарды жинау ұсынылады. **(Жапсыру)**	білімдерін тиянақтау. Ойынды ролдерге бөліп ойнауға үйрету. **Керекті құралдар:** сөрелер, сатушы, ойыншықтар, касса, ақша, сатып алушылар. **Шарты:** Сатушы және бала,сөйлейтін ойыншық рөлін ойнау, бала өзі жалғыз дүкенге келеді және оған сөйлейтін ойыншық кездеседі ол оған жалғыз жүруге болмайтының және ата-анасының рұқсатынсыз алуға болмайтынын айтады. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** **Дидактикалық ойын: "Теңіз түбі"** **Міндеті:** қоршаған әлемнің алуан түрлілігіне назар аударуға деген ұмтылысты дамыту. Материал: теңіз түбі, теңіз тұрғындары. Ойын барысы: балаларға теңіз алаңы көрсетіледі және теңіз тұрғындары олармен "Жасырынбақ" ойнағысы келетінін айту	**Міндеті:** Түстеріне қарай терезелерді ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. **Шарты:** Қағаздан қиылған, терезесі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Түстерді ажырата отырып, терезелерді жабуды ұсыну. **(жапсыру)**	білім беру, қызығушылық-тарын арттыру. Рөлдерге бөлініп ойнауға үйрету. **Керекті құрал-жабдықтар:** сөрелер, таразы, касса, ақша, киімдер**.** **Шарты:** Баласына әр түрлі мезгілге арналған киімдер алып беру. Ата-ана рөлін сомдау. Киімді дұрыс тандай білуге баулу**.** **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** **Дидактикалық ойын: "Жылы-суық"** **Мақсаты:** түстер мен реңктерді қабылдауды дамыту, түсі бойынша таңдау мүмкіндігі. Материалдар: 2 Парақ, ортасында шеңбер. Ойын барысы: екі парақ, бірінің ортасында қызыл шеңбер (жылы), екіншісінің ортасында көк шеңбер (суық). Балаларға парақтардағы

				керек. Оларды табу үшін жұмбақтарды табу керек. Кім шешетін болса, теңіз түбіне теңіз өмірін іліп жапсырады**. (Жапсыру)**		шеңбердің түсіне сәйкес келетін карталарды – суреттерді орналастыру ұсынылады. **(Жапсыру)**
Балалармен жеке жұмыс	16.20-16.30	**Ибрагимге тақпақ жаттату.** Келді жаңа жылымыз, Құтты болсын баршаға. Шыршамыз тұр ортада, Тойлайықшы шаттана. **Мақсаты:** сөздерді анық айтқызу, тілін дамыту. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	Фатимамен жыл мезгілдері туралы әңгімелесу. **Мақсаты:**Табиғат құбылыстарын атау. Баланың есте сақтау, ойлау қабілетін, зейінін дамыту. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	«Тез ойла» **Мақсаты:** Балалардың заттарды салыстыру, оң жақ, сол жақ сияқты түсініктерін дамыту. **(математика негіздері)**	Н.Айарумен қысқы ойындар жайлы әңгімелесу. **Мақсаты:** суретке қарап өз ойын толық жеткізе білуге үйрету. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	Нұрасылға түстерді жаттатқызу. **(математика негіздері)**
Серуенге дайынды	16.30-16.40	**Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау «Киімді қалай киюге болады?» әңгіме** Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек. **(қазақ тілі***)**				
Серуен	16.40-17.20	**Күннің екінші жартысындағы ауа райын бақылау** (Қоршаған ортамен таныстыру) **Аз қимылды ойын:** «Ұшақтар» **Шарты:** Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызу. Тәрбиеші өзі ұшақ болып ұшып көрсетеді. Тәрбиеші: «Ұшақтар ұшады!» –	**Күннің екінші жартысындағы ауа райын бақылау** (Қоршаған ортамен таныстыру) **Аз қимылды ойын:** «Доп кімде?» **Шарты:** Бір бала жүргізуші болады. Бір бевала ортада көзін жұмып тұрады. Қойған балалар шеңбер жасап, қолдарын артына ұстап,	**Күннің екінші жартысындағы ауа райын бақылау** (Қоршаған ортамен таныстыру) **Аз қимылды ойын:** «Ит пен қоян» **Мақсаты:** Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. **Шарты:** Ойын жазық алаңда ойналады. Бір бала ит	**Күннің екінші жартысындағы ауа райын бақылау** (Қоршаған ортамен таныстыру) **Аз қимылды ойын:** «Күн мен жаңбыр» **Шарты:** Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді. Тәрбиеші «Жаңбыр жауды!»	**Күннің екінші жартысындағы ауа райын бақылау** (Қоршаған ортамен таныстыру) **Аз қимылды ойын:** «Қу түлкі » **Шарты:** Балалар бір-біріне бір адымдай ара қашықтықта тұрады (шеңбер жасап). Балалар көздерін жұмып тұрады.

		деген кезде барлық бала ұшақ болып ұшады. «Ұшақтар қонады!» дегенде барлық бала өз орындарына келіп қона бастайды. Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады. ***(дене шынықтыру**)***	иықтарын тақап тұрады (қолдары ішінен қарағанда көрінбеу керек). Сыртта жүрген бала сездірмей, шеңбердің сыртын айналып жүріп, бір баланың қолына ұстатады да өзі алысқа барып тұрады да « болды» дейді. Ортадағы бала көзін ашып, шеңбердің ішінде тұрып, кімде екенін (көзінің т.б.) біліп айту керек. Тапса допты алады. Таппаса-басын шайқайды. Сол кезде добы бар бала теріс айналып, допты көрсетеді. Сенде-деген жоғары көтеруі тиіс. ***(дене шынықтыру**)***	болады да, қалғаны қоян болады. Бұдан кейін « ит», «қояндарды» қуып ұстауға тырысады. Өзі ұстаған балалардың барлығын итке айналдарды. Сөйтіп барлық қояндар итке айналғанша ойын жалғаса береді. ***(дене шынықтыру**)***	дегенде балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Тәрбиеші «Күн шықты!» дегенде балалар қайта алаңға шығып, ойындарын жалғастырады. ***(дене шынықтыру**)***	Тәрбиеші шеңберді айналып жүріп білдіртпей бір баланы түртеді. Сол бала түлкі болады. Балалар көздерін ашып бір-біріне мұқият қарайды. Қу түлкі сен қайдасың? Үш рет айтқанда қу түлкі ортаға қолын көтеріп мен мындамын деп жүгіріп шығу керек. Барлық балалар жан-жаққа қашады. Қу түлкі ұстап алуы керек. ***(дене шынықтыру**)***
Серуеннен оралу	**17.20-17.30**	**Балалардың киімін ретімен шешу, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, дербес және ойын әрекеті**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**17.30-17.50**	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)** Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка****)** Өнер бұрышында аңдардың бояу суреттерін бояту, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)** Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Еркін рөлдік ойындар.**				

балалардың үйіне қайтуы	17.50-18.00	**Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.**

Тәрбиеші : Етенбаева Света Айладировна
Өмірзақ Гүлжанат Сапаржанқызы

Тексерілді:

Әдіскер : Жетмекова

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2023-2024 оқу жылы

Білім беру ұйымы: №43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК
Тобы: «Балбөбек» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 01.04-05.04.2024 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	Уақыты	**Дүйсенбі 01.04.2024**	**Сейсенбі 02.04.2024**	**Сәрсенбі 03.04.2024**	**Бейсенбі 04.04.2024**	**Жұма 05.04.2024**
Балаларды қабылдау **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу**	07.30-08.00.	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу. Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу **(қазақ тілі***). **Таңертеңгі әңгіме «Денсаулықты қалай сақтау керек?»** Дәрі-дәрмектер мен аурулар, аурулардың алдын-алу, дәрумендердің пайдасы туралы қарапайым ақпарат беру**.**				
Перспективалық жоспарда қойылған міндеттерді іске асыру						

